



Сабақтың тақырыбы:

1837-1838 жылдардағы Қазақстандағы қуғын-сүргін



Мақсаты:

Қазақстанның 1930 – 1950 жылдардағы әкімшіл-әміршіл жүйе аясында қалыптасқан, сталиндік жазалау шараларын жүзеге асыру үшін ең өктем де сорақы істері – Қазақстанда лагерьлер жүйесінің қаптауы, жаппай сталиндік террордың құрбанына айналған ұлт зиялыларының тәлкекке толы тағдырларын нақты мысалдармен баяндай отыра, бүгінгі ұрпаққа өткенге өкініш болған, ал бүгінде Қазақстан халқының мақтанышына айналған асыл азаматтарымыздың рухына бас иіп, боздақтарымызды әркез жадымызда ұстап, ерлік істерін ұрпаққа аманат ету.

**«Тағдырдың бұйыруымен
Қазақстан миллиондаған жер
аударылған адамдардың, ондаған
мың жазықсыз жандардың
қонысына айналды»**

Н.Ә.Назарбаев

1918 жылы 5-тамызда Пенза уезі Кучинск губерниясында кулактар көтерілісі бүрк ете қалғанда, Ленин Пензаға жеделхат жолдап, Кеңес үкімеіне қарсы шыққандарға, кулактарға, ақ гвардияшыларға, басқа да бүлікшілерге аяусыз террор ұйымдастырып, бір жерде ұстап, қинайтын лагерь ашу керектігі туралы бұйрық берді.

Мемлекет ішіндегі империяға айналған 53 лагерьден тұратын кеңестік ГУЛАГ жүйесінің құрылуы осылай басталған еді. 20 – 30 жылдары Колымада, Магаданда, Сібірде, Уралда, Қазақстанда лагерьлер ашылды.



**Республикадағы
казармалық
сипаттың көрінісі**

**Бюрократиялық
орталықтар
нығайып,
республикалар іш
жүзінде толық
егемендік
алмады;**

**Мемлекеттік меншік
нығайып, өндіріс
құрал-
жабдықтарына
қоғамдық меншік
ориан, шаруалар
жерден шеттетілді;**

**Республикалардың
заң шығару
бастамасы
болмады.**





**Сталиндік қуғын-
сүргін кезеңдері**

1 кезең – 1929-1933 жылдар

2 кезең – 1937-1938 жылдар

3 кезең – 1947-1953жылдар

Қазақстан жерінде болған ірі лагерьлер

КарЛАГ

СтепЛАГ

АЛЖИР

Ақтөбе

Жезқазған

Өскемен

Кенгір

Песчаный

Қамыс
ЛАГ

Петропавл

Дальный

ҚАРЛАГ – даладағы тамұқ



КарЛАГ-тың құрылу мақсаты

Қазақстан аумағында қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіп өндірістері- Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған, Балқаш мыс балқыту комбинаттары үшін азық-түліктік белдеулерді қалыптастыру. Осы өндіріс ошақтары үшін сотталғандардың тегін жұмыс күші ретінде пайдалану



2023

1931 жылдың 1-шілдесіндегі ақпарат бойынша КарЛАГ-та 21323 тұтқын
47 ұлттардан құралған. Олардың

2276-кулактар

5307-орташалар

5140-кедейлер

506-батырақтар

2864-колхозшылар

1939 жылы сотталғандар көтеріліске шықты.

Олардың

349-3-жылға

68-5жылға

18-8жылға

105-10жылға

сотталып, 9адамға ату жазасы кесілді.

(«Ана тілі» газеті)

1:100 000
ТАШКЕНТЫН КАРТАСЫ М.С.Д.

ҚарЛАГ картасы





АЛЖИР (Акмолинский лагерь жөн
изменников Родины) (1938-1953)-әйелдерге
арналған аса ірі лагерь. Алғашқыда бұл жерде
«26-нүкте» деп аталатын орын болған. Соның
негізінде 1937 жылы 3-желтоқсанда НКВД-
ның Ақмола арнайы бөліміне (Қарағанды
лагеріне) қарасты «Отанын сатқандар
әйелдеріне арналған Ақмола лагері» пайда
болды. 1938 жылы 6-қаңтарда алғашқы
әйелдер легі келді.



АЛЖИРде болған атақты адамдардың жарлары: Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза мен енесі Арифа Есенғұлова, Сәкен Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Бейімбет Майлиннің әйелі Гүлжамал, Темірбек Жүргеновтың әйелі Дәмеш, Нығмет Нұрмақовтың әйелі Зәурәт, атақты балерина Майя Плищескаяның анасы Юлия, атақты бардақын Булат Окуджаваның анасы, жазушы Галина Серебрякова, Лениннің сүйікті серігі- Бухариннің әйелі Анна Ларина, адмирал Колчактың туыстары, маршал Тухачевскийдің екі қарындасы, маршал Блюхердің шешесі, атақты әнші Лидия Русланова, Колчактың әйелі Анна Васильевна, Анна Боркова, Рабиға Асфендиярова, Наталья Иличина Сац, Тимур Аркадьевич Гайдардың анасы.



Н. Нұрмақовтың отбасы. Ұлы Ноян, қызы
Тамарамен бірге түскен суреті. Мәскеу. 1923ж.



**Рахиль Михайловна Мессерер –
Плисецкая естелігінен:**

«Басында 18 га жерді жемістер
салу үшін күректің көмегімен
қолмен жыртамыз куніне 14-
15сағат жұмыс істейміз, таңғы
сағат 4-те тұрамыз, сағат 10-да
ұйықтаймыз».





СтепЛАГ

СтепЛАГ(Степной лагерь)№4саяси тұтқындарға арналған ГУЛАГ құрамындағы Кеңгір поселкесі,Қарағанды облысында орналасқан. 1948 жылдың 8-сәуірінен бастап Александр Чечевтің басшылығымен ашылды. 1950 жылы құрамында 9 лагерь бөлімшесі болса, 1954 жылы 6 лагерь бөлімшесі болған. СтепЛАГ лагерінің негізгі жұмысшы көзін тұтқынға түскен неміс жауынгерлері құрады.

СтепЛаг лагерінің бұрынғы тұтқыны Р.Ахметов былай деп еске алады: «Біздер фашистік концлагерьдегідей тұрдық. Мұнда әрбір тұтқынға арнаулы шифр-номер берілетін. Бізді ешқашан аты-жөнімізбен атамайтын, шифр-номерімізбен шақыратын.

Тәулігіне бірнеше адам қайтыс болып жатты. Кемінде 20-25 адам сиятындай терең әрі кең шұңқыр қазылып, оған жалаңаш денелер, аяқ-қолдары мен бастары лақтырылды. Бұлар-денесіне терісі жабысып қалған қаңқалар ғана еді. Бір тәулікте қайтыс болатын адамдардың көп болғандағы соншалық, олардың барлығына бірдей қабір қазуға мүмкіндік болмайтын».

НАЗАР КОИЫП
ТЫНДАГАНДАРЫНЫЗГА
РАХМЕТ!

